

Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты бойынша отырыстардың өткізілуі туралы ақпараттық хабар

2015 жылғы 3 желтоқсан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2015 жылғы 2 желтоқсанда жоспарланған ақша-кредит саясаты жөніндегі отырыстың өтпегенін хабарлайды.

Ағымдағы жағдайда Қазақстанның ақша нарығы өзінің негізгі рөлін атқарып отырған жоқ. Теңге өтімділігіне деген сұраныс пен ұсыныстың теңгерімсіздігі, ақша және валюта нарықтарында төрелік мәмілелер жүргізу тәуекелінің сақталуы ақша нарығының құралдары бойынша нарықтың барабар пайыздық мөлшерлемелер қалыптастыру мүмкіндігін шектеуде.

Қазіргі уақытта Ұлттық Банктің іс-қимылдары қаржы нарығының сегменттері арасындағы бұрмалаушылықтарды жоюға, сондай-ақ нарықтық мөлшерлемелерге пайыздық дәліз шегінде қолдау көрсетуді қамтамасыз ететін құралдарды қосымша бағалауға бағытталған.

Тиісінше ақша-кредит саясаты бойынша отырыстар өткізудің Ұлттық Банк бұған дейін айқындаған кестесі қайта қаралды.